

деректерін саралауда Ахмет Жұбановтың айтып кеткен ой-тұжырымдарды – әдебиеттану ғылымы үшін де ерекше маңызға ие болып қала бермек демекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әуезов Мұхтар. Әдебиет тарихы. Алматы, Ана тілі. – 1991. - 192 б.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, Ана тілі. – 1991. - 288 б.
3. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана, 2002. - 584 б.
4. Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. Кәусар бұлақ. 2-том. – Алматы: Қазығұрт, 2005. - 472 б.
5. Құдайберген Жұбанов. Шығармаларының толық жинағы – Ақтөбе: Жұбанов университеті, 2019. - 584 б.
6. Жұбанов Ахмет. Ғасырлар пернесі. Алматы: [Дайк-пресс](#), 2002. - 328 б.
7. Саз әлемінің сардары. Ахмет Жұбанов // https://martebe.kz/akhmet_zhubanov/ (26.10.2014)
8. Жұбанов Ахмет. Замана бұлбұлдары. (Алматы: [Дайк-пресс](#), 2002. - 440 б.

ҒТАМР 16.01.17

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «ЖАЛҒЫЗДЫҚ» ИДЕЯСЫ (ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮР МЕН АҚЫНДЫҚ САБАҚТАСТЫҚ)

С.Ж.ТАШИМБАЕВА

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация: Бұл мақалада қазақ әдебиетіндегі «жалғыздық» тақырыбының көрінісі үш дәуірдің өкілімен зерделенеді. Жыраулық поэзиядағы Ақтамберді жырларында кездесетін «жалғыздық» тақырыбы психологиялық-әлеуметтік мәнде талданса, XIX ғасырдағы Абай шығармаларындағы бұл идеяның көрінісі философиялық негізде дамыды. Ақтамберді мен Абай шығармаларындағы осы мәселені салыстыра келе, жалпы XX ғасырдағы әдебиеттегі көріністі Б.Күлеев поэзиясы арқылы дәлелдеуге тырыстық. Ақтамбердінің жалғыздығында өкініш, нала, мұң сарынымен берілгенімен, онда рух пен намыс бар. Оның жалғыздығының жеңуі – қайратының арқасы. Абай шығармашылығындағы жалғыздық сол кезгі қоғам мешеулігімен тікелей байланысты. Бернияз өз жақын туыстарынан, өз қоғамынан опық жеп, өмірден орнын таба алмай, қайғы-қасіреттің шырмауында қалып, қу тіршіліктің күйбеңін басынан өткергенін суреттейді. Өздерінің болмысы мен сезімін өлеңдерінде өрнектеген әр дәуірдің ақынынан да «жалғыздық» мәселесін көре отыра, олардың нәзік жүрегін одан сайын жетімсіретіп, әлсіреткен жағдай – заман адамдары, әлеумет қайшылықтары, өмір заңдылықтары, сорлары өз қоғамынан озық туып, сол себепті де өз ортасына сыймай, өз замандасты арасында жетік бағаланбауы деп ойымызға түйеміз.

Кілт сөздер: жалғыздық мәселесі, жырау, ақын, лирика, жыраулық поэзия, XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті, XX ғасырдағы қазақ әдебиеті.

Аннотация: В данной статье рассматривается тема «одинокости» в казахской литературе, изучая представителей трех эпох. В то время как тема «одинокости» в стихах Ақтамберды анализируется в психологическом и социальном смысле, выражение этой идеи в произведениях Абая в XIX веке развивалось на философской основе. Сравнивая этот вопрос в произведениях Ақтамберды и Абая, мы попытались доказать ситуацию в литературе XX века через поэзию Б. Кулеева. Хотя одиночество Ақтамберды полно горя, печали, у него есть дух и честь. Победа его одиночества связана с его мужеством. Одиночество в работе Абая напрямую связано с невежеством общества того времени. Бернияз описывает, как он был поражен жизненным стрессом, неспособен найти место в жизни, лишен своих близких родственников и общества. Видя проблему «одинокости» каждой эпохи, которые выражали свою природу и чувства в своих стихах, ситуация ослабляла их нежные сердца - социальные противоречия, законы жизни, печали предшествовали их обществу и поэтому не вписывались в их среду. Мы думаем, что это не оценено в свое время.

Ключевые слова: проблема одиночества, жырау, поэт, лирика, жырауская поэзия, казахская литература XIX века, казахская литература XX века.

Annotation. This article discusses the theme of "loneliness" in Kazakh literature, studying the representatives of three eras. While the theme of "loneliness" in the verses of Aktamberdy is analyzed in a psychological and social sense, the expression of this idea in the works of Abay in the 19th century developed on a philosophical basis. Comparing this issue in the works of Aktamberdy and Abay, we tried to prove the situation in the literature of the twentieth century through the poetry of B. Kuleev. Although Aktamberdy's loneliness is full of grief, sorrow, he has a spirit and honor. The victory of his loneliness is associated with his courage. Loneliness in the work of Abay is directly related to the ignorance of the society of that time. Berniyaz describes how he was struck by life stress, unable to find a place in life, deprived of his close relatives and society. Seeing the problem of "loneliness" of each era, which expressed their nature and feelings in their poems, the situation weakened their tender hearts - social contradictions, laws of life, sorrows preceded their society and therefore did not fit into their midst. We think this is not appreciated in due time.

Key words: the problem of loneliness, zhyrau, poet, lyrics, zhyrau poetry, Kazakh literature of the nineteenth century, Kazakh literature of the twentieth century.

Қазақ әдебиетінің тарихында қоғамның келеңсіз құбылыстарына көңілі толмай, дүниеде торығып, өз орнын таба алмай жапа шегіп, жан жалғыздығын шығармаларына арқау еткен қаламгерлер аз емес. Әділетсіз ортаның «кемсітушілігінен», адам тағдырының, болмысының, жағымсыз қасиеттері мен мінездерінің кертартпалығынан, қазақ даласында қараңғы көңілдің өрбуінен оларды ешкім түсінбеді, жандарына дауа таппады.

Осы мақсатта әр дәуірдің өкілінің жалғыздық мәселесіне қалай қарап, қалайша түсінгеніне баға беру, ақынның шығармашылық лабораториясына ой көзімен қарау – бүгінгі әдебиеттанудағы ізденістердің бірі болыптабылады. Әдебиет тарихындағы жыраулық поэзияның орны ерекше. Елдік пен ерлікті, қайсарлық пен төзімділікті басты нысанаға ұстап, жыраулық дәстүрдің озық тұлғасы «Ақтамберді бүкіл ел мүддесін, ру, ата намысы емес, иісі қазақтың намысын қуады, елді ерлікке, бірлікке шақырады» [1.172]. Ақтамберді жырау Сарыұлы – Халидидің айтуынша, ойраттармен күрес дәуірінде қазақ қолының басында жүрген аруақты ерлердің бәрә [2.218]. Ол жас шағынан жау қорлығын көріп, еліне

камкор болам деп, сонау 15-16 жасынан жау жағын жайпауға жасымаған. Қасіреттің қара шоқпарына мертігіп, ата-анасынан айырылып, тіршілік түйткілдерін тақымының табалдырығына тастай тұрып, жалғыздықпен күресе отыра, жағаласа жүріп өседі:

Атадан тудым жалқы боп,

Жақыннан көрдім талқы көп.

Жасым жетпей он беске [3.61]. Ал өзінің «Жағалбай деген ел болар» өлеңінде былай дейді:

Атадан алтау туғанның

Жүрегiнiң бастары

Алтын менен бу болар [3.60]. Яғни бұнда ағайыны көп болып, бірлікте өмір сүргендердің бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, қажетті нәрселер талқыланып, жинақы түрде күй кешетіндігі:

Атадан жалғыз туғанның

Жүрегiнiң бастары

Сары да жалқын су болар,

Жалғыздық, сені қайтейін [3.60], - деп, бір жағынан өкініп тұрса, екінші жағынан бір күні саған ащы кегімді қайтарамын деп тұрғандай қайсарлықтың ауаны сезіледі. Мұнда яғни «жүректің басы сары да жалқын су болар» деп тұрғаны – жалғыздық адамға жараспайды, уайымға, мұңға беріледі. Жаның да ауырады, жауға да алдырасың дегені. Бұның түбінде «Қанша шешен болса да дауға салма жалғызды, қанша батыр болса да жауға салма жалғызды» деген халықтық ұғым жатыр. Атаның ұрпағын сақтау үшін ел осылайша жалғызды мүсіркеп, сақтауға тырысқан. Ал «Жел, жел есер, жел есер» өлеңінде салыстыру бар. Толыққанды, бақытты жандар және:

Баласы өсіп жетпесе,

Сөзі көпке өтпесе,

Жал-құйрықсыз жалғыздар

Олай-бұлай боп кетсе,

Әкесі сорлы қор болар [3.61], - деп, жалғыздық күнін қараң, басы ауырып, балтыры сыздағанда, жалғзынан айырылған қандай күй кешеді екен деп тебіренеді. Бұл өмірде өз еншісін бөліп ала алмай, торығып, зарығып жүруінің кесірінің бір ұшын жалғыздыққа телиді.

Жағама қолдың тигенін,

Жалғыздық, сенен көремін.

Жамаулы киім кигенін,

Жарлылық, сенен көремін [3.61].

Ақтамбердіні өзгеден ерекшелеп тұратын тұсы – оның рух пен намыс философиясын биікке қойғаны. Ол жалғызбын, сүйеуім жоқ деп мойымай:

Жапанға біткен терекпін,
Еңсемнен жел соқса да теңселмен,
Қарағайға қарсы біткен бұтақпын,
Балталасаң да айырылман.
Сыртым құрыш, жүзім болат,

Тасқа да салсаң майрылман [3.61]! – деп, табиғат пен қоғамдағы дара да сара нәрселерге өзін балай отырып, тепсе темір үзетіндей ер екендігін мойындатып отыр. Сонымен бірге жетімдік пен жесірліктің нышанын, ұшқынын өз идеяларының бірі етіп алады. Ақтамбердідегі «жалғыздықты» басқа ақындармен салыстырар болсақ, Абайдағы, Бернияздағы ұғымды алсақ, ол өз өмірімен, қоғамымен, тарихымен байланысты дейміз.

Ғалым Б.Омар: «Абайдағы «жүрек» - қайрат пен ақылға әміршілік қылатын, бүкіл жандүниені билейтін жүрек» [4.236], - дегендей, Абай өлеңдерінде ыстық жүрек, ызалы жүрек, жылы жүрек, жас жүрек, ауру жүрек немесе қырық жамау жүрек деп ерекше сыр-сипат, жандүниесін айқын сезіндіретін көрініс – жан сырласы, жолдасы, мұңын шағар жалғыз досы. Ол «жүрегім менің қырық жамау» дейді. Сол қырық жамау жүректің сырын шешетін күшті жүрек керек. Бірде ол:

Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл /5.245/, - десе, бірде:
Тарылды көкірек,
Қысылды жүрек.

Ағызды қысып жасымды [5.105], - деген өлеңдері Абайдың заманынан асып туған бір адам болып, қаптап жатқан қараңғылықта тұншығып, қиянатқа шамданып, кемдікке ызаланғанын көрсетеді. Ақын жалғыздығының айнасы – оның жүрегі. Ақын А.Кеңшілікұлы: «бір Құдайдан басқаның бәрінің де уақытша екендігіне көзі жеткен ақын – жүрегінің түбіндегі жалғыздықтан ғана жұбаныш іздейді», - деген [6.157].

Ақын жаны өте нәзік, сезімтал, тез жараланғыш болатыны мәлім. Абай өз өміріндегі әрқилы оқиғаларды жан-тәнімен сезініп, жүрегімен қабылдайтын сезімтал жан екенін, және жүрек культін барынша кең жырлаған ойшыл ақын екендігін төмендегі жолдардан айқын байқаймыз:

Тыңдамаса еш адам.
Өз жүрегім толғансын [5.142]. Немесе:
Жүрегім, нені сезесің,

Сенен басқа жан жоқ па [5.272]? Бұл жерде өз жүрегін жақын досындай сырласуға шақырып, көк дөненнен жүйрік көңіліне тоқтау айтқысы келетін сияқты. Ақын бірқалыпты ырғақтан ауытқығанда, «...қайнап бір жүрек қылады әлек» деп, адам бойындағы көңіл-күйді айқындайды. «Абайдың өзі айтқандай, «жұмбақ адамды» түсіну үшін жүрекке үңілу керек екен, бар сырды жүректен іздеу керек екен, ең бастысы барлығына да жүрекпен қарау керек екен» [7.32].

Абай «жүректі» бірінші орынға қойған. Ол осы «жүрек» сөзін қолдану машығын шығыстан алған.

Өмірдің соқтықпалы-соқпақсыз жерінде өсіп, мыңмен жалғыз алысқан, елден етекбасты көп көрген ақын өз жүрегін «ауру жүрек» деп анықтап, жалғыздықтың белгілерін сипаттайды:

Ауру жүрек ақырын соғады жай,
Шаршап қалған кеудемде тулай алмай [5.266].

Ал, Жаралы болған жүрекке

Дауа бер, жамап сынайын [5.268], - деп, өзіне тоқтау салады, алладан дауа сұрайды. Бұл бір-бірімен мазмұндас өлеңдерде өз жүрегін «ауру жүрек», «жаралы жүрек», «қырық жамау жүрекке» теңейді. Оның себебі біреу. Ол – керенаулықтан шыға алмай отырған өз халқының олқы мінезі.

Абай махаббатты, өмірді, философияны, табиғатты, көңіл-күйді жырына арқау етсе де, «жүрек» сөзін бірінші ауызға алады. Әр ақынның өзінің айт дегені, жүрек қалауы болады. Әр адам өз «менін» өзінше жырға қосады. Кейбіреулер оны ашық айтса, ендібіреулері астарлап, өз тұлғасын, жаны мен тәнін, өз сезімі мен ой-арманын белгілі бір объектіге телиді. Абайдың «мені»- «жүрегі». Абай өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?» деген [8.45].

Абайдың әлі де ашылмаған жұмбағы қаншама? Абайда «мыңмен жалғыз алыстым» деген тіркес бар. Бұның мыңы – надандар. Яғни надандармен жалғыз алысып, ақыры жеңе алмадым дегенді айтып отыр:

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма [5.48], - дейді. Сірә, ол бірінші қара сөзінде: «Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның несі бар?» - дейді [9.158]. «Шайтан» деген өлеңде:

Жапа-жалғыз білімнен бақ шықпайды,

Өлшеусіздің сыймасын бір сезбеген, - деп, өзің алған білім саған білім болып дарымайды, оны таратып, артқыларға үйретуің керек деген. Атам қазақ: «Жалғыздық құдайға ғана жарасады» десе, Абай да:

Жалғыздық – бәр тәңірінің сыбағасы,

Өршілдікпен лағынетке болған душар [9.57], - дейді. Лермонтовтың «Парусын» былай өрнектейді [9.92]:

Жалғыз жалау жылтылдап

Тұманды теңіз өрінде

Несі бар туған жерінде? Неліктен Абай жалғыз жалау деді. Жалау өзі нәзік, жел тұрса, шыдамай батып кетеді. Жалғыз, панасыз, бейкүнә жанды осы жалауға балай отырып, «жат жерде жүргендігін», амалсыздан, «бақ іздеп жүрмегендігін» айтады. Ана бір жерінде «тұманды» тіркесін алған. Тұман бар деген жерде, оның «барар жері мен басар тауы» да бұлыңғыр дегені. Біз жоғарыда Абай аудармаларындағы жалғыздық мәселесін қарастырдық. Ал оның өлеңдерінде жалғыздық «жүрек» сөзімен алмастырылса, кей жерлерде ашық айтылады. Ол өз теңдес адам, көзі ашық орта болмағандықтан жүрегімен сырласады. Оған барлық өкпесі мен назын айта отырып, күңіренеді. «Жүрегім» өлеңінде:

Досты қайдан табасың,

Кеңесерге адам жоқ.

Әрлі-берлі шабасың.

Жалғыздықтан жаман жоқ [9.98], - дей келе, өмірдегі ең қиын да қасіретті нәрсе – жалғыздық деп, жалғыздық – жалғандағы жаныңды жаудай жүдететін, жүректің жұдырығының жетегінде жұп-жұмыр жексұрын жәдігөйлілігімен жетімсірететін жаратқанның жазғаны дейді. Немесе «Сегіз аяқ» өлеңінде:

Атадан алтау,

Анадан төртеу,

Жалғыздық көрер жерім жоқ;

Ағайын бек көп,

Айтамын ептеп,

Сөзімді ұғар елім жоқ [5.11], - деп, ағайынының қиын-қыстау кезде, жапырақ-жүректің жауқазындай жарқындықтың жылы жүздерін жаныңа жаудырар жолдас пен бауырдың бәрі де жеткілікті, тек әттең, сөзімді ұғар, тындар бір жан жоқ деп налиды. Осылай өз адамдарына болсын деп бір ақыл айтсаң, олар оны түсінбей, өз бейшаралылығымен, дүниеге деген парықсыз, сасық ниеттерімен қоғам қауымына масыл болып отыр дегенді айтпақ еді. Бірақ:

Моласындай бақсының,

Жалғыз қалдым – тап шыным, - дейді. Жан досы, сүйенерлері – балаларынан айырылды. Абайдағы жалғыздық – қоғамдағы рухани жалғыздық. Оның ғибратын, сөзін тыңдар, бағалар еш жан болған емес.

XX ғасырдың басында әдебиет әлеміндегі құйрықты жұлдыздай жарқ еткен тұлға – Бернияз Күлеев. Ақын да осы «жалғыздық» идеясында декадеттік бағытта туындыларын шығарды. Ақын «Жұбату» өлеңінде:

Жалғанның қайырымсыз күндерінде

«Аһлаған» естіледі жалғыз зарың [10.52], - деп, лирикалық кейіпкер атынан өз замандастарына жұбату айтады. Әлеуметтік-қоғамдық саясат негізінде пайда болған ел ішіндегі келеңсіздіктерге налып, ащы мұң-қайғыны «жалғыз зар» деп бейнелейді. Ақынның лирикалық мені - әр өлеңінде өзінше сипат алады. «Қиял сөзі» өлеңінде:

Жалғыз өзім – жолдасым жоқ,

Сөз сөйлесіп сауығар [10.54], - деп, жан-жағын көк тұман жауып, көңілі күңгірттеніп, күлкі мен қызықтың ауылы алыстағанын білдіреді. Б.Күлеевтің жан дүниесі Абаймен сабақтас. Ол да Абай секілді «жүректен» ақыл, қайрат тапқысы келеді. Ғашығына қосылуына сол қоғамның қатыгез заңы кедергі болып, жанын жай таптырар күйдің болмағанын, сол топта ешкімге керексіз қалғанын «жүрегі» арқылы бернелеп, жалғыздықтың емі, «көр көңілдің» көзі махаббат екенін айтып өтеді:

Жас жүректі жұбатып сол үмітпен,

Күлімдейді көр көңілім керіліп кең [10.56].

Балдырғандай балқыған жүрегіме

Жарып салған махаббат мәңгілік із [10.56].

Махаббаттың лебінен басқа мұны

Жазатұғын жалғанда бар ма дәрі?! [10.57]. Б.Күлеевтің жалғыздығы – жан жалғыздығы – жас жүрегі, мұңды жүрегі, әр жүрегі. Өз жалғыздығын тағы бір жерде:

Ата-ана жоқ, ағайын жоқ, дос, жар жоқ,

Өлімісің, тірімісің дер жан жоқ.

Жат елдерде, алыс жерде еліңнен

Жалғыз болып, ауырғаннан жаман жоқ [10.138], - деп, жеке басының наласының бетін ашып береді. Бүгінгі халінің өршіп, жалғыздықтың торына шырмалғанын «ер жүрек» және «жас жүрек» көркемдік детальдары арқылы бейнелейді.

Ертеректе ер жүрегім

Ізгі, еркін, ерке еді.

...Жас жүрегім танып естен,

Қайнайды қатты тас болып [10.96], - деп, жас жанының улы желге мас болып, жүректегі тас алмастай, болаттай отқа салса еріместей болғанын астарлап суреттеу арқылы жүрегіне түскен жалғыздықты ешкім жібіте алмас дегенді айтқалы отыр. Шынында, ақын адам бойында жалғыздықтың көп өмір сүрмейтінін біліп, өмірді қызғалдаққа теңей отырып, оның өткінші екенін айтып кетеді, жастықты «алтынға» балап, оның жалғандығын сөз етеді. Осынысымен ақын мәңгі жас боп тұрғысы келетіндей. Немесе «Көңіліме» өлеңінде осы бір өткінші өмірде көңілдерде ешбір кірбің қалмасыншы деп, жалғыздықтан «сақтандырады».

Сайып келгенде, біз әр дәуірде өмір сүрген үш бірдей тұлғаны негізге ала отырып, олардың шығармашылығындағы жалғыздық мәселесін қарастырдық.

Ақтамбердінің жалғыздығында өкініш, нала, мұң сарынымен берілгенімен, онда рух пен намыс бар. Оның жалғыздығының жеңуі – қайратының арқасы. Абай шығармашылығындағы жалғыздық сол кезгі қоғам мешеулігімен тікелей байланысты. Бернияз өз жақын туыстарынан, өз қоғамынан опық жеп, өмірден орнын таба алмай, қайғы-қасіреттің шырмауында қалып, қу тіршіліктің күйбеңін басынан өткергенін суреттейді. Ақтамберді Бернияздан бір саты жоғары тұрып, дараланады. Өйткені Ақтамберді жалғыздықтан қорқып, мойымайды, мақсаты онымен күресіп, жеңбек. Ол – оптимист жырау. Ал Бернияз қайғыға беріліп, «асанқайғыға» салынып, өмірден түңіледі. Өздерінің болмысы мен сезімін өлеңдерінде өрнектеген әр дәуірдің ақынынан да «жалғыздық» мәселесін көре отыра, олардың нәзік жүрегін одан сайын жетімсіретіп, әлсіреткен жағдай – заман адамдары, әлеумет қайшылықтары, өмір заңдылықтары, сорлары өз қоғамынан озық туып, сол себепті де өз ортасына сыймай, өз замандасты арасында жетік бағаланбауы деп ойымызға түйеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алтаев Ж., Ғабитов Т., Қасабек А., Мұхамбетқалиев Қ. Философия және мәдениеттану. – Алматы: Литера, 2001.
2. Философия тарихы. Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 1999.
3. Бақтарбаев Қ. Жыраулар поэзиясы. – Ақтөбе, 2001.
4. Омарұлы Б. Зар заман ақындары және Абай // Қазіргі абайтанудың өзекті мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2002.
5. Абай. Өлеңдер. – Алматы: Мөр, 1994. – 416 б.
6. Кеңшілікұлы А. Жалғыз досым – жүрегім. «Жұлдыз» журналы. №2, 2003.
7. Бігібаева Қ. Жүрегім менің қырық жамау // Сборник научных трудов научно-практической конференции. – Усть-Каменогорск, 1995.
8. Әлеуметтік философия (хрестоматия). – Алматы: Ғылым, 1996. – 197 б.
9. Құнанбаев А. Өлеңдер мен аудармалар. Т.ІІ. – Алматы: Жазушы, 1995.
10. Күлеев Бернияз. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 2000. – 284 б.